

Смагулова К.К.,  
Абдыкадырова А.Р.,  
Даркенбаева К.К.

**Қытай халықаралық  
қатынастың факторы**

Берілген мақалада Қытайдың Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелері және Шаңхай Ынтымақтастық Ұйымының рөлі жан-жақты қарастырылады. Қазіргі жаһандану заманындағы Қытайдың сыртқы саясатының басым тұстары, оның негізгі бағыттары, сонымен қатар сыртқы саяси стратегиясының ең тиімді әрі ыңғайлы тұстарын ұстануда АҚШ, Еуропа Одағы және Ресей сынды әлемдік державалармен саяси, экономикалық, қаржылық саясатты дамыту амалдары және аталған елдер арасындағы қауіпсіздік мәселелері, қалыптасқан әскери саладағы серіктестікті жалғастырып, түпкілікті нығайту жолдары талданады.

**Түйін сөздер:** республика, сыртқы саясат, ынтымақтастық, стратегиялық серіктестік.

---

Smagulova K.,  
Abdikadyrova A.,  
Darkenbayeva K.

**China as a factor of international  
relations**

In article the priority directions of foreign policy of Kazakhstan and a role of China in foreign policy of our republic are considered. The article is devoted to the experience of China's policy in the spheres of international economy and collective security within such organizations, as Shanghai Cooperation Organization. Is Chinese foreign policy concept in today's era of globalization sustainable enough for it to become the world's second superpower, which directions form the basis of its promotion. Also, we can see the analysis of the methods which are used by Chinese government in such directions like USA, EU, Russia and the evolution of Chinese political, economic and financial relations with major powers of today.

**Key words:** Republic, foreign policy, cooperation, strategic partnership.

---

Смагулова К.К.,  
Абдыкадырова А.Р.,  
Даркенбаева К.К.

**Китай как фактор  
международных отношений**

В статье рассматриваются приоритетные направления внешней политики Казахстана и роль Китая во внешней политике нашей республики. В данной статье обобщен опыт политики Китая в отношении мирового сообщества и его деятельность в сфере экономики и региональной безопасности в рамках таких органов, как Шанхайская Организация Сотрудничества. Рассмотрены способы оптимальности внешней политики Китая в нынешней эре глобализации и ее основные направления, также анализируются методы ведения внешней политики в таких направлениях, как США, ЕС, Россия, и развитие политических, экономических и финансовых связей с мощнейшими державами.

**Ключевые слова:** республика, внешняя политика, сотрудничество, стратегическое партнерство.

## **ҚЫТАЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ФАКТОРЫ**

Бүгінгі таңда Қытай елі саяси, экономикалық әлеуетімен бүкіл әлем елдерінің назарын өзіне аударған алпауыт мемлекет болып табылады. Сол үшін де Қытай қоғамындағы мәдени, экономикалық және аймақтық қауіпсіздік мәселелерін қарастыру бүгінгі күннің талабын арттыра түсуде. Тәуелсіздік алған уақыт ішінде Қазақстан халықаралық қауымдастықта, әлемдік экономикалық және саяси кеңістікте беделді де салмақты орынға ие болды. Көптеген халықаралық бастамалардың авторы болған Қазақстан көптармақты сыртқы саясатты ұстанып келеді.

Байқағанымыздай, Қазақстан сыртқы саясатының басым бағыттары ретінде ең алдымен, көршілеріміз – Ресей мен Қытай аталған. Бұл басым ешқашан өзгерген емес, өзгермейді де. Өйткені халықаралық қауымдастықпен байланыс ең алдымен көрші мемлекеттер арқылы жүзеге асады. Халықаралық қауіпсіздік мәселесінде де ең алдымен, аймақтық, көршілес елдерді қамтыған аймақ қауіпсіздігі қарастырылатыны сөзсіз. Сондықтан солтүстігіміздегі көршіміз Ресей мен шығыстағы көршіміз Қытайдың Қазақстан сыртқы саясатындағы орны ерекше. Президент өз жолдауында, сондай-ақ Орталық Азияда ұлттық қауіпсіздікке төнген жаңа қатерлер пайда болып жатқан қазіргі жағдайда еліміздің сыртқы саясаты ішкі саясаты сияқты жаңғыртылуы тиіс екендігін атап айтты. Осы орайда Елбасы сыртқы саясатты жаңғыртудың басымдықтары ретінде мыналарды атады:

Аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті жан-жақты нығайту. Экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту. Мәдени-гуманитарлық, ғылым-білім және басқа шектес салалардағы халықаралық ынтымақтастықты арттыру. Азаматтарымызды құқықтық қорғауды, олардың шетелдердегі жеке, отбасылық, іскерлік мүдделерін қорғауды күшейту.

Қытайдың сыртқы саясаты да Орталық Азия елдерімен, оның ішінде біздің республикамызбен жан-жақты байланыстарды дамытуды маңызды бағыттардың қатарына қосады. Қытайдың сыртқы саясаттағы ұстанымдары жөнінде ҚХР-дың Қазақстандағы елшісі Чжоу Ли былай дейді: «Құрылғаннан бері ҚХР сыртқы соғысты өздігінен бастаған емес, әскери экспансияға талпынған емес, керісінше, басқа мемлекеттермен байланыстарды дамытуда бейбіт қатар өмір сүрудің бес принци-

пін ұстанады. Қытайдың бейбіт дамуы Орталық Азия елдерінің дамуына нұқсан келтірмей, қауіп туғызбайтындығымен қоса, олар үшін тұрақты сыртқы орта мен үлкен мүмкіндіктер жасайды. Біз Орталық Азия аймағында ықпал ету аймағын құру үшін ынтымақтастықты дамытып келе жатқан жоқпыз. Біз әскери-саяси блок құру үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымын дамытып жатқан жоқпыз, біз ШЫҰ-ны НАТО немесе Варшава шарты ұйымы секілді бірлестіктерге айналдырмаймыз. Аймақ елдерімен бейбітшілікті, қауіпсіздікті және экономикалық дамуды қамтамасыз ету мақсатымен байланыстарды нығайтудамыз. Қытай болашақта да Орталық Азия елдерімен, оның ішінде Қазақстанмен экономикалық байланыстарды нығайта беретін болады» [1].

Қытай мен Қазақстанның стратегиялық ынтымақтастығының қарқынды дамуына жоғары деңгейдегі саяси диалог, өте тиімді болған жұмыс қатынастары және екі ел басшыларының жеке достығы айтарлықтай ықпал етті. Қытай төрағасы Ху Цзиньтао Қазақстанға 7 рет сапар жасаған болса, Президент Н. Назарбаев Қытайда сапармен және халықаралық конференцияларға қатысу мақсатымен 17 рет болды. Мұндай жиі сапарлар мен кездесулер халықаралық тәжірибеде өте сирек кездеседі, сондай-ақ екіжақты байланыстардың дамуындағы мемлекет басшыларының жеке үлесі мен рөлін айқындайды [2].

Қазақстан президенті Н. Назарбаевтың 2011 жылдың ақпан айындағы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапарының нәтижесінде бірлескен коммюникеге қол қойылған болатын. Аталмыш құжаттың мазмұны Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстардың қарқынды да тиімді дамып келе жатқанын тағы атап көрсетті: «Тараптар соңғы жылдары қазақ-қытай стратегиялық серіктестік байланыстарының тұрақты дамып келе жатқандығымен келіседі. Екі ел арасындағы өзара түсіністік пен өзара сенімділік деңгейі үздіксіз көтеріліп келеді, сауда-экономикалық, энергетикалық, гуманитарлық, қауіпсіздік салаларында, сондай-ақ халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша ынтымақтастық тереңдеп келеді». Құжаттың төртінші тармағында көрсетілгендей, тараптар әлемдік қаржы дағдарысы салдарын бірлесіп жеңу бойынша дер кезінде қолға алынған және тиімді шараларға қатысты ризашылықтарын білдірді [3].

Бүгінгі таңда өзекті болып отырған аймақ қауіпсіздігі мәселесі екі ел басшыларының кездесулерінің күн тәртібінен түскен емес. Есірткінің

заңсыз айналымы, қару-жарақ контрабандасы, заңсыз көші-қон мәселесі, сонымен қатар әлемдік деңгейде ушығып отырған халықаралық лаңкестік, діни экстремизм және ұлттық сепаратизм мәселелері тек Қазақстан мен Қытайдың ғана емес, халықаралық қауымдастықтың барлық дерлік мүшелерін алаңдатып отырған мәселелер. Осы аталған қауіптермен күресу мақсатында 2001 жылы құрылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде тараптар жан-жақты қатынастарды дамытуда. ШЫҰ-ға Қазақстан мен Қытайдан басқа Ресей, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан мен Өзбекстан мүше. Шанхай ынтымақтастық ұйымына басқа мемлекеттер тарапынан қызығушылықтың барған сайын артуы бұл ұйым жұмысының маңыздылығы мен тиімділігін, ұстанған қағидаларының өміршеңдігін танытса керек. Қазір ШЫҰ-ға 6 мемлекет мүше ретінде, 4 мемлекет (Үндістан, Иран, Пәкістан, Моңғолия) бақылаушы ретінде қатысса, 2 мемлекет (Беларусь, Шри-Ланка) диалог бойынша серіктестер мәртебесіне ие. Қазақстан мен Қытай ШЫҰ шеңберінде тек саяси, қауіпсіздік ынтымақтастықты ғана емес, сондай-ақ сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуда.

Қазақстан мен Қытай басшыларының тұрақты сипатқа ие болған өзара сапарлары, олардың барысында тараптар үшін, әсіресе Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар объектілерге қатысты құжаттарға қол қойылуы екі ел арасындағы байланыстардың стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілуіне септігін тигізді. Дәлірек айтсақ, Қазақстан мен Қытай аумақтарын байланыстыратын қазіргі заман талабына сай теміржол, автомобиль жолы, мұнай және газ құбырларының салынуы сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы, энергетикалық инфрақұрылым құрылысына үлкен көлемдегі кредиттердің берілуі өзара ынтымақтастықты одан әрі тереңдете түсті. Қазақстан өзінің мұнай кен орындарын өңдеу құқықтарын Батыстың, Қытайдың және Ресейдің инвесторларына тең дәрежеде бөле отырып, өз мүддесінің арасалмағын теңестіруге тырысты. Алайда ғаламдық қаржы дағдарысы Қытайға Қазақстанның тек мұнай өндіру секторына ғана емес, сонымен қатар ел экономикасының басқа да салаларына ықпалын күшейтуге мүмкіндік берді. Әрине, Қазақстандағы Қытай компаниялары қызметінің қарқын алуы, бір жағынан ұлттық экономиканы диверсификациялауға көмектесетіні жағымды жайт деп қарастырылса, екінші жағынан олардың елдегі ықпалының

күшеюіне Қазақстан жұртшылығы сақтықпен қарайды.

2012 жылдың 6 маусымында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті шеңберінде Қытай төрағасы Ху Цзиньтао мен Президент Н. Назарбаев өзара әңгіме жүргізді. Әңгіме барысында Қытай басшысы екі елдің жан-жақты стратегиялық ынтымақтастығын тереңдету бойынша бірнеше ұсынысын жеткізді: «Біріншіден, өзара саяси сенімді нығайту, түрлі деңгейдегі байланыстарды нығайту, екі елдің стратегиялық қауіпсіздігі мен даму мүдделерін қорғау. Екіншіден, іскерлік ынтымақтастықты кеңейту, екі елдің өндірістік байланыстарына ықпал ету, ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын ашу, энергетикалық ынтымақтастықты тереңдету, атом энергиясы, күн энергиясы, жел энергиясы салаларын дамыту, шекаралық бекеттерді жаңарту мен инфрақұрылымын қайта реттеу, өзара инвестицияларды кеңейту. Үшіншіден, гуманитарлық байланыстарды кеңейту, мәдени, оқу-ағарту, саяхат, медицина салаларындағы ынтымақтастықты нығайту. Төртіншіден, қауіпсіздік ынтымақтастығын тереңдету, «үш кесапатпен» және есірткі контрабандасымен, ұйымдасқан трансұлттық қылмыстық әрекеттермен тиімді түрде күресу, желілік және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайту. Бесіншіден, көпжақты ынтымақтастықты дамыту, БҰҰ, ШЫҰ, АӨІСШК шеңберіндегі байланыстарды күшейту, өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік, ынтымақтастық негізіндегі қауіпсіздік концепциясын ұстана отырып, екі елдің дамуы үшін қолайлы сыртқы ортаны қалыптастыру» [4].

Қытайдағы соңғы маңызды саяси жаңалықтардың қатарында 2012 жылдың 8 қарашасында өткен Қытай Коммунистік партиясының XVIII съезінің шешімі бойынша ел басшылығының ауысуы, яғни билік тізгінінің бесінші буын өкілдеріне берілуі болды. Билік басына кел-

ген Қытайдың жаңа басшылығының да сыртқы саясатта бүгінгі күнге дейін жүргізіп келе жатқан ұстанымды жалғастыратынына сенім мол. Негізгі мәселелерді шешіп алдық десек те, Қазақстан мен Қытай арасында шешімін толықтай таппаған мәселелер әлі де бар. Олардың бастысы – трансшекаралық өзендер мәселесі. Аталған мәселені жалпы тұрғыда реттейтін декларативті мазмұндағы құжаттарға қол қойылса да, әлі нақты шешімдер қабылдана қойған жоқ. Трансшекаралық өзендер мәселесін шешу процесінің соңғы жылдары анағұрлым алға басқандығын айту керек. Оған қол жеткізілген келісім негізінде құрылған трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бірлескен қазақстан-қытай комиссиясының жұмысы септігін тигізді. Бірақ трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалануды құқықтық тұрғыда реттейтін негізгі құжатқа әлі қол қойылған жоқ.

Қорыта келе, Қытай Халық Республикасы еліміздің сыртқы саясатында алғашқы басымдықтардың қатарында болып қала беретіні сөзсіз. Оған екі тарап та мүдделі. Қазақстан-Қытай байланыстары соңғы жылдардағы әлемдік дағдарыс жағдайында да даму қарқынын жоғалта қойған жоқ. Өзара ынтымақтастықтың 20 жылдық уақытының алғашқы онжылдығын өзара байланыстардың шарттық-құқықтық негізінің қалануына, ынтымақтастықтың басым бағыттарының айқындалуына, жалпы екіжақты қарым-қатынастардың реттеліп қалыптасуына берілген уақыт деп есептесек, соңғы онжылдығы өзара байланыстардың жаңа сапалы деңгейге көтеріліп, кезек күттірмейтін мемлекетаралық мәселелердің шешілуіне, сонымен бірге мемлекеттік маңызы бар экономикалық салалардың ынтымақтастықтың басты нысанасына айналуына арналған. Өзара саяси сенім мен мүдделер ортақтығы әрдайым екіжақты байланыстардың негізгі тұғыры болып қала бермек.

#### Әдебиеттер

- 1 Конституция и законодательные акты КНР. – М., 1984. – С. 31.
- 2 Вечерняя Астана. – 4 декабря 2012.
- 3 Совместное коммюнике Республики Казахстан и Китайской Народной Республики <http://www.inform.kz/rus/article/2354461>
- 4 HuJintao tong hasakesitan zongtong Nazaerbayefu juxing huitan // <http://kz.chineseembassy.org/chn/zhgx/t938702.htm>.

#### References

- 1 Constitution and legislative acts of CNR. – M., 1984. – P. 31.
- 2 Evening Astana. 4 December 2012.
- 3 Mutual communique of the Republic of Kazakhstan and People's Republic of China <http://www.inform.kz/rus/article/2354461>
- 4 HuJintao tong hasakesitan zongtong Nazaerbayefu juxing huitan // <http://kz.chineseembassy.org/chn/zhgx/t938702.htm>.